



БҰЙРЫҚ

№ 18.08

Терекөл ауылы

ПРИКАЗ

№ 1-02/324

село Терекколь

**Терекөл ауданының
орта білім беру ұйымдарында
2025-2026 оқу жылының басталу және
аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім
алушыларды қорытынды аттестаттаудан
өткізу мерзімдерін айқындау туралы**

Павлодар облысының білім беру басқармасының 2025 жылғы 12 тамыздағы «Павлодар облысының орта білім беру ұйымдарында 2025-2026 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» № 2-02/464 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Аудан мектептерінің директорлары оқу жылын бастау және аяқтау мерзімін, білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін орындауды қамтамасыз етсін:

1.1. Оқу жылын бастау және аяқтау мерзімі 2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап 2026 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:

1-11 сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:

1 - тоқсан - 8 оқу аптасы, күзгі демалыс- күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 27 қазаннан бастап 2 қарашаны қоса алғанда);

2 - тоқсан - 8 оқу аптасы, қысқы демалыс күнтізбелік 10 күн (2025 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2026 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда);

3 - тоқсан 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс - күнтізбелік 11 күн (2026 жылғы 19 - 29 наурызды қоса алғанда);

1- сыныптарда қосымша демалыс - күнтізбелік 7 күн (2026 жылғы 9-15 ақпанды қоса алғанда).

4 - тоқсан - 8 оқу аптасы.

1.2. Қорытынды аттестаттаудың мерзімдері:

9- сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары - 2026 жылғы 29 мамырдан бастап 11 маусым аралығында;

11- сынып оқушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары – 2026 жылғы 2-15 маусым аралығында.

1.3. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мерзімдері:

9 - сынып оқушылары үшін:

1) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан – 2026 жылғы 29 мамыр;

2) қазақ тілі/орыс тілі (оқу тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін – жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2026 жылғы 8 маусым;

3) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2026 жылғы 3 маусым;

4) орыс тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан – 2026 жылғы 11 маусым;

11- сынып оқушылары үшін:

1) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2026 жылғы 2 маусым;

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан - 2026 жылғы 5 маусым;

3) қазақ тілі/орыс тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2026 жылғы 9 маусым;


4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқу тілі бойынша) шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2026 жылғы 12 маусым;

5) орыс тілдерінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2026 жылғы 15 маусым.

2. Аудан мектептерінің директорлары жаңа оқу жылының басталуы аясында өткізілген іс-шаралардың сапасын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі, жалпы орта білім беру секторының меңгерушісі Г.К. Аятоваға жүктелсін.

Білім беру бөлімінің басшысы



Ж. Билялова

Бұйрықпен таныстырылды: